

Коктем Акарысович Еримбетовтың 6D072900 - «Құрылымы
мамандығы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін «Жол
құрылымында асфальтты - парфинді шайыр қалдықтары және жылу
электр орталығының күлдері негізінде асфальттыбетонды пайдалану»
дайындаған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) <u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>1.1 Диссертация тақырыбы қазіргі кездең ғылымның даму бағыттарына сай жасалған. Құрылым материалдар индустриясы өзекті мәселелердің бірі болып ресурсты үнемдеуші технологияларды жасау қажеттілігі туындан отыр. Осы бағытта диссертацияның тақырыбы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес деп айтуға болады.</p> <p>3) Қарастылып отырған диссертациялық жұмыс Қызылорда облысының 2015-2020 жж. арналған индустримальды-инновациялық даму бағдарламасы және "Нұрлы Жер" тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жасалды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Автордың диссертациялық жұмысы ғылымға маңызды және ол жұмыста ашылған деп айтуға болады. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста Қызылорда ЖЭО күлдің құрылымдағыш ролі, битум мен асфальт-шайырлы парфинды қалдықтардың химиялық-минералдық құрамының ерекшелігіне байланысты физикалық адсорбциялануы арқылы өзара әрекеттесуі нәтижесінде хемосорбцияның қарқындауымен жүреді.</p>

			<p>Аталған процесстің әсерінен “Битум-күл-асфальтты-шайырлы парафинді қалдықтар” негізінде композициялық байланыстырығыш заттың механикалық және физикалық қасиеттерін арттыруға және нәтижесінде алынған асфальттыбетон жабынның пайдалану қасиетін жоғарылатуға мүмкіндік берді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары деп санауга болады. Ізденуші асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдерінің физикалық - химиялық құрамын өзі инженерлік бейіндегі зертханада қондыргаларды қолдану арқылы зерттеді. Олардың сипаттамаларын өз бетінше анықтады.</p> <p>Автор асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетонның онтайлы құрамын математикалық әдіспен анықтап және оның қасиеттерін зерттеді.</p> <p>Ұсынылып отырган жергілікті ресурстар негізінде асфальттыбетонды дайындау технологиясы мен оны жол құрылышында қолдану ерекшеліктерін зерттеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады және ол жақсы негізделген. Өйткені құрылышқа сапалы және ресурсты унемдеуші технологиялар енгізу өзекті мәселелердің бірі.</p> <p>Автор осыған байланысты мұнай қалдықтарын және ЖЭО күлдерін кәдеге асырудың бір жолы – асфальттыбетон өндірісінде пайдалануды қарастырды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі мәселелердің бірі – автокөлік жолдарын салу сапасына ерекше көңіл бөлу. Осыған байланысты автор жол сапасын арттыру және салынған жолды пайдаланудың мерзімін ұзарту мақсатында жаңа тиімді шешімдер іздестіруге арнаган.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындауды. Автор ЖЭО күлдерінің асфальтты-парафинді шайырлы қалдық пен</p>

		<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сынни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>битумның құрамына байланысты құрылымдағыш қоспа ретінде пайдалануды зерттеп, жайылған асфальттыбетонның технологиялық қасиеттерін жетік зерттеген.</p> <p>Ізденушінің ғылыми жұмыстың алдына қойған міндеттері мен мақсаттары ұсынылып отырган диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді деп айтуга болады.</p> <p>Диссертация кіріспеден, 5 тараудан тұрады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан деп тұжырымдауға болады. Бірінші тарауда жол құрылышында асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары және жылу электр орталығының күлдері негізінде асфальттыбетонды пайдалану бойынша әдебиеттік шолу, зерттеу әдістері мен қолданылған шикізаттардың сипаттамалары көрсетілген. Негізгі бөлім асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетон технологиясы және оны жол құрылышында қолдану параметрлері жасалғаны диссертацияны толық ашқаны дәлел.</p> <p>Автор асфальттыбетонның жаңа құрамын, яғни жаңа жол құрылышына арналған битумга асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары және жылу электр орталығының күлдері қосылған байланыстырыштың оңтайлы құрамын жасаған. Көптеген эксперименттік жұмыстарды орындаған, математикалық жоспарлау арқылы орындағы. Автор асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетон технологиясы және оны жол құрылышында қолдану параметрлері ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, бұрыннан белгілі шешімдермен сынни талдау жүргізе білді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші - асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдерінің физикалық - химиялық</p>

	<p><u>болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>құрамын анықталды; Екінші - асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетонның онтайлы құрамын анықталды;</p> <p>Ушінші - жергілікті ресурстар мен техногенді шикізаттар негізінде асфальттыбетонды дайындау технологиясы жасалды;</p> <p>Төртінші - асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетонды жол құрылсында пайдаланудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері анықталды.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Іздешінің диссертациялық жұмысындағы қорытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>Біріншіден «битум-асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары - жылу электр орталығының күлі» кешенді байланыстырғыштың жаңа құрамы жасалды.</p> <p>Екіншіден «битум-асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары - жылу электр орталығының күлі» байланыстырғыштың негізінде асфальттыбетонның қасиеттері анықталды және зерттелді.</p> <p>Үшіншіден «битум-асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары - жылу электр орталығының күлі» байланыстырғыштың негізінде асфальттыбетонды жол қабатында пайдалынылу кезіндегі қасиеттері зерттелді.</p> <p>Төртіншіден жасалған асфальттыбетонның техникалық-экономикалық тиімділігі анықталып есептелді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа деп айтуга болады.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО күлін асфальттыбетон өндірісінде асфальт-шайырлы-парафинді байланыстырғышқа құрылымдық қоспа ретіндегі пайдалануды қарастырып, оны теориялық түргыдан негіздел және эксперименталды түрде растады.</p> <p>Қызылорда ЖЭО-ның құрамына байланысты күл - асфальт - шайырлы -</p>

			<p>парафин байланыстырғышының реотехнологиялық және физикалық- механикалық қасиеттеріне әсер ету сипатын анықтады.</p> <p>Әр түрлі құрамдағы Қызылорда ЖЭО күлін физика-химиялық және технологиялық өлшемдер бойынша күл-асфальт-шайырлы-парафинді битумды байланыстырғышты қолдану арқылы асфальттыбетоннан жасалған жол қабатын пайдалану тиімділігінң дәрежесі жоғары болатыны дәлелдеді.</p>	битум
6.	Негізгі корытындыла рдың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Диссертант әр түрлі құрамдағы Қызылорда ЖЭО-ның асфальтты- шайырлы-парафинді шегінділері мен кулді байланыстырғыштарды пайдалана отырып, асфальтбетондарға арналған композициялық байланыстырғышты жобалау қағидатын ұсынды.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО күлін асфальттыбетон өндірісінде асфальт- шайырлы-парафинді байланыстырғышқа құрылымдық қоспа ретінде пайдалану мүмкіндігі теориялық тұрғыдан негізделген және эксперименталды түрде расталған.</p> <p>Жалпы қорыта келе автор әр түрлі құрамдағы Қызылорда ЖЭО күлін физика-химиялық және технологиялық өлшемдер бойынша күл-асфальт- шайырлы-парафинді битумды байланыстырғышты қолдану арқылы асфальттыбетоннан жасалған жол қабатын пайдалану тиімділігінң дәрежесі жоғары болатыны дәлелденді. Яғни 50, 20 және 0 °C температурада сығу кезіндегі беріктік шегі 2,2-2,9 МПа, 4,4-6,2 МПа және 9,7-9,9 МПа құрайтыны экспериментальды түрде алды.</p>	
7.	Корғауга шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	7.1 Ұсынылып отырган диссертациялық жұмыста әр қағидат дәлелденді. Асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО кулдерінің физикалық - химиялық құрамын зерттеу нәтижелері мен олардың сипаттамалары анықталды.	

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p><u>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</u></p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетонның онтайлы құрамы анықталды және оның қасиеттері зерттелді.</p> <p>Ұсынылып отырған жергілікті ресурстар негізінде асфальттыбетонды дайындау технологиясы мен оны жол құрылышында қолдану ерекшеліктері зерттелді;</p> <p>Автор асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетонды жол құрылышында пайдаланудың экономикалық тиімділігін есептеп анықтады.</p> <p>7.2 Қорғауға шыгарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер жаңа. Тақырып бойынша өнертабысқа 3 патент алынды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең деп тұжырымдауға болады.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелер мақалаларда дәлелденген.</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Әдістеменің таңдауы - негізделген және зерттеу әдіснамасы нақты жазылған.</p> <p>Автор диссертациялық жұмыста қойылған міндеттерді шешу алдынғы зерттеулерді қорытындылау және талдауды, жаңа аналитикалық, зертханалық қондарығыларды пайдаланумен жасады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Автор өндірістік-тәжірибелік-синақтарды, технология әзірлемелерін қамтитын ғылыми зерттеулерді орындаудың жалпы қабылданған әдістемеге сәйкес жүргізген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және</p>

		<p>байланыстар және занұлықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p>	<p>занұлықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталғаны көптеген эксперименттік жұмыстармен дәлелденгенін көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйеніп жасалды. Диссертациялық жұмыста алынған тұжырымдамалар мен мәлімдемелер ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыс техникалық жаңалығы бойынша 1 өнертабыска патент пен 2 пайдалы модельге патенттермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Диссертацияның бірінші тарауында және одан кейінгі бөлімшелерде пайдаланылған әдеби шолуларға байланысты тізім 235 ғылыми сілтемелерге жасалған және жеткілікті деп санаймын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p>	<p>Диссертация теориялық жағынан ұтымды жасалған және маңызы бар. Атап айтқанда Қызылорда облысында орналасқан мұнай кен орындарында бөлінген асфальтты-парафинді шайыр қалдықтарды және Қызылорда ЖЭО-нан жиналған күл үйінділері негізінде асфальттыбетонды алу және оны жол құрылышында пайдалануға негізделген. Асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары, ЖЭО күлдерін битум байланыстырығыш құрамына қолдана отырып, асфальттыбетон өндірісінің технологиясын әзірлеу және оны жол құрылышында қолдану параметрлері жасалғаны дәлел.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок</u></p>	<p>Қазіргі кезде жол құрылышында тиімді асфальттыбетонды қолдану өзекті. Сондықтан диссертацияның тематикасы - жол құрылышында асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары және жылу электр орталығының күлдері негізінде асфальттыбетонды пайдалану маңызды. Тәжірибе жүзінде қолдануға болады.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп санауга болады.</p> <p>Автор Қызылорда ЖЭО-нан бөлінген күл үйінділерді және асфальтты-парафинді шайыр қалдықтарды битумға қосу арқылы кешенді байланыстырығыш заттың оңтайлы құрамы эксперименталды түрде анықтады.</p> <p>Практикалық маңыздылығы – бұл жергілікті шикізатты, жылу электр орталығының күлін, асфальтты-парафинді шайыр қалдықтарды қолданудың нәтижесінде жасалған технологиялық шешімдердің экономикалық тиімді екені қажетті есептеулермен анықталып дәлелденді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Ұсынылыш отырған Коктем Акарысович Еримбетовтың диссертациялық жұмысқа қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант Коктем Акарысович Еримбетовке 6D072900-«Құрылымыс» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге ұсыныс жасаймын</p>

Шешімі: К.А.Еримбетовтың қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы негізгі ғылыми нәтижелері мен ұсынымдары бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүргізілген, аяқталған зерттеу болып табылады және диссертациялық жұмысқа қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант Коктем Акарысович Еримбетовке 6D072900-«Құрылымыс» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге ұсыныс жасаймын

Ресми рецензент: техника ғылымдарының кандидаты, Академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетінің «Мұнай және құрылымыс өндірістері» кафедрасының доценті

К.С. Байболов

Техника ғылымдарының кандидаты, доцент К.С. Байболовтың қолын растигымын.

Академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетінің ғылыми хатшысы



Б.А. Омарова